

Жас келсе іске

Жомарт жүрек жақсылыққа жетелейді



Бүгінде жастардың қоғамда алар орны ерекше. Біздің ауданымызда алға қойған мақсаты мықты жастардың қарасы жетерлік. Өскелең ұрпаққа үлгі болып, шәкірт жүрегіне жол тапқан жастың бірі – Серік Авгумбаев.

«Жас келсе іске» деген қағиданы қатаң ұстанған Серіктің алға қойған мақсаты көп.

Ол ерік-жігерінің

арқасында бүгінде үлкен жетістік пен абыройға ие болды. Түрлі жобалар мен жастарға арналған бағдарламаларға қатысып, көптеген бастамалар-

дың ұйымдастырушысы атанды.

2019 жылдың тамыз айында Серік Оспанұлының бастамасымен «Жаса» Қоғамдық Қоры өз жұмысын бастаған болатын. Бірлестіктің алға қойған мақсаты айқын. Осы уақыт аралығында түрлі гранттарды жеңіп алып, көптеген жобаларды іске асыруда.

Серік Авгумбаев жеті қырлы, бір сырлы жан. Бала жанының бағбаны бола білген білікті ұстаз, мықты спортшы. Біліктілігі мен білімділігінің арқасында түрлі жеңістерге қол жеткізіп, түрлі марапаттарға да ие

бола білді. Сондай үлкен марапатының бірі – 2018 жылы қол жеткізген «Жомарт Жүрек» сыйлығының лауреаты атануы.

Ауданымыздың өркендеуіне үлес қосып, жомарттықтың арқасында үлкен шыңдарды бағындыра білген Серіктің әлі де алар асулары алда. Алдағы күнде елін, жерін сүйген жастарға үлгі болып, биік белестерді бағындырады деген сенімдеміз. Жас та болса, үлкен істің жүгін арқалаған нағыз азаматқа сәттілік тілейміз.

*Меңдіқара ауданының
ішкі саясат бөлімі*